

УДК 10.17.21

А. А. Сыздықова,
Құқық магистрі, Халықаралық құқық
кафедрасының аға оқытушысы.
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық
қатынастар және өлем тілдер университеті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы которые относятся к компетенции судебных инстанций. Также рассматривается порядок назначения судей и их ответственность в судебном процессе.

Ключевые слова: инстанция, апелляция, кассация, надзорное, судья, специализированный межрайонный экономический суд, верховный суд.

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасындағы сот сатыларының іс жүргізудегі тәртіптері мен судьялардың қызметке тағайындалуы мен жауапкершілік негіздері көрсетіледі.

Тірек сөздер: инстанция, апелляция, кассация, қадағалау, судья, мамандандырылған аудан аралық экономикалық сот, жоғарғы сот.

Absract

This article consider the issues that is implemented in juridical affairs. Also considered the order of appointment of the judge and their responsibility in trial.

Keywords: appeal, cassation, instance, judge, Supreme Court.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-ші бабында республиканы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптастыру мақсаттарының бекітілуі – ең алғашқы кезеңдердің бірі деп, күшті, тәуелсіз сот билігін құру міндетін қояды. Қазіргі заман талаптарына жауап беретін, тиімді, әділ, тез және халыққа қол жетімді сот төрелігін қамтамасыз ету мақсатында сот жүйесі одан әрі жетілу үстінде. Негізгі мәселесі Президенттің халыққа жолдауында соттың үш сатылы жүйеде қалыптасуы, яғни бірінші сатылы сот – тек аудандық және мамандандырылған сот болып табылады, екінші саты – апелляция, кассациялық сот – тек ғана облыстық және оған теңестірілген соттар табылады, үшінші саты – жоғарғы саты қадағалау сатысы, жоғарғы сот табылады. Бұл жұмысымының негізгі мақсаты елімізде қазіргі заманғы демократияның базалық қағидасын сот өндірісінде басшылыққа ала отырып жүргізілуін талқылау.

Сот жүйесін одан әрі реформалау соттардың шынайы тәуелсіздігі, сот төрелігін іске асыруға азаматтық қоғамның тиімді қоғамдық бақылауы, судьялардың кәсібилігі мен бейтараптығы, сот ісін жүргізуді жеңілдету және тым артық регламенттеуді алып тастау принциптерімен жүргізіледі, осының нәтижесінде қоғамның сот жүйесіне деген жоғарғы сеніміне қол жеткізіліп, соттардың жұмыс істеу тиімділігі артады. Сот төрелігін іске асыру кезінде сот сатылап құрылуының барлық деңгейлерінде және сатыларында судьялардың тәуелсіздігіне ұйымдастырушылық-құқықтық кепілдіктер қамтамасыз етілетін болады. Соттардың дауларды тәуелсіз әрі бейтарап шешуі Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету және кәсіпкерлік белсенділікті арттыру шарттарының бірі болып табылады.

Осыған сәйкес бір соттың шешімін келесі сот инстанцияларында бұзу, өзгерту кездесіп жататыны рас. Бүгінгі күні азаматтардың даулары бойынша істер бірінші саты бойынша аудандық сотта қаралса, одан кейін облыстық (қалалық) соттың апелляциялық сатысында қаралып, шағымданушы қанағаттанбайтын болса, кассациялық инстанцияда, одан кейін қадағалау тәртібімен Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотында қаралады. Қолданыстағы заңнамада белгіленген бұл тәртіптің мақсаты – іс бойынша заңды, негізді шешім шығаруды қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Апелляциялық, кассациялық, қадағалау тәртібімен істерді қарау барысында іс бойынша қабылданған шешімдерге өзгертулер енгізілуі немесе жаңа шешім қабылдануы мүмкін. Мұндай жағдай әртүрлі себептерге байланысты кездеседі. Мәселен, кейбір жағдайда бұл шешім шығарған соттың дәлелдемелерге дұрыс баға бере алмауына

байланысты болса, кейде алғашқы істі қарау барысында дәлелдемелердің жеткілікті түрде жиналмауына байланысты болуы мүмкін. Алайда білікті сот заңның бұрмалануына жол бермейді. Сондықтан көп жағдайда сот шешімдерінің қайта-қайта бұзылуы соттың біліктілігіне байланысты туындайды. Судьялардың шығаратын шешімі, олардың жұмысы бақылаусыз емес. Жыл сайын судьялардың жұмысына баға беріліп, жіберген қателіктеріне назар аударылып отырады. Егер судья үнемі қате шешім шығарып, оның шығарған шешімдері бұзылып, өзгертіліп жатса, мұндай судьяға қатысты тәртіптік шаралар қолданылады. Осы арқылы сот әділдігін жүзеге асыратын судьяның кәсіби біліктілігін әрқашан дамытуына септігін тигізетіндігін байқаймыз.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында саяси жүйені жетілдіру және экономикалық жоспарларды нығайту жұмысы жалғастырылатыны атап көрсетілген. Оны іске асыруда сот реформасы маңызды рөл атқаратын болады. Осы тұрғыда сот төрелігіне қол жетімділікті, оның тиімділігін арттыруды және сотта қорғалу үшін жүгінген адамдардың құқықтарын барынша қорғауды қамтамасыз ететін рәсімдерді реформалау болжанады. Ел Президентінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту бағыттары нақтыланған, осылайша сот төрелігі қағидаттарын нығайту, судьялардың жауапкершілігін және біліктілігін арттыру қажеттілігі белгіленген. Судьялар корпусын қалыптастыру тәртібін түбегейлі қайта қарау, апелляциялық сатының төмен тұрған соттарға істерді қайта қарауға қайтару туралы негізсіз шешімдерін заңнамалық тұрғыдан шектеу, төрелік және аралық соттардың жүйесін күшейтудің қажеттілігі белгіленген.

Сот жүйесі – мемлекеттің негізін құрайтын, еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғыруы жолындағы демократиялық даму тетіктерінің бірі болып табылады. Азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа қатысуы және қоғам тарапынан билікке сенім білдіру деңгейі сот төрелігін тиімді жүзеге асыруға тікелей байланысты. Пәрменді және тәуелсіз сот билігі мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы үйлесімді өзара байланыстың қағидатты кепілінің бірі, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың басты құралы болып табылады. Тәуелсіз сот билігін құрудың қажеттілігі мен өзектілігі «Сот тәуелсіздігі» факторы бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексі өлшегенде әлсіз позицияларымен де расталады.

Сот-құқық реформасы сот жүйесінің тиімділігіне байланысты түбегейлі түйткілдерді шешуді көздейді, бұл мемлекеттің де, қоғамның да бірінші кезекте назар аударатын нысанасы болуға тиіс. Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаевтың өзінің судьялардың V съезінде сөйлеген сөзінде атап көрсеткеніндей, әділ және сатылмайтын сот – демократиялық және құқықтық мемлекеттің аса маңызды негізі.

Сот кадрларын даярлаудағы Сот төрелігі институтының рөлін күшейту қажет. Қалыптасқан әлемдік тәжірибеге сәйкес, келешекте судьяға үміткерлерді іріктеуді тек Сот төрелігі институтының түлектері арасынан жүзеге асыру қажет, бұл үміткерді басқа да емтихандар мен тест тапсырудан, яғни бұл өз кезегінде судьяға үміткерді тағылымдамадан өткізуге жетекшілік ету бойынша судьяларды қосымша жүктемелерден босатады.

Судьяға үміткерлерді іріктеудің сапасын арттыру үшін қоғам мен үкіметтік емес ұйымдардың судьяны іріктеу рәсіміне қатысу рөлін күшейту ұсынылады. Судьяға үміткер туралы толық ақпаратты тиісті аймақтық мерзімді басылымдарда жариялау тәжірибесін кеңірек қолдану, олардың жұмыс орнынан қызметтік мінездемесін сұрату әркімнің судья қызметіне іріктеу рәсіміне қатысу құқығын қамтамасыз етеді. Қоғамның, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдардың тікелей қатысуы судья қызметіне үміткер адамның мінезін жан-жақты, объективті зерделеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты, сот жүйесін әрі қарай реформалау судьялардың толық тәуелсіздігі, сот төрелігін жүзеге асырудағы заңдылықтың сақталуын азаматтық қоғамның тиімді бақылауы, судьялардың бейтараптылығы мен кәсібилігі, сот ісін жүргізуді жеңілдету және артық регламенттеуді жою қағидаларына негізделіп жүргізіледі, нәтижесінде қоғамның сот жүйесіне сенімінің жоғарғы деңгейіне қол жеткізіліп, сот қызметінің тиімділігі жоғарылайды. Сот сатыларының барлық кезеңдерінде сот төрелігін жүзеге асыруда судьялардың тәуелсіздігінің ұйымдастырушылық-құқықтық кепілдіктері, сонымен қатар олар орындарынан түскен кезде әлеуметтік қорғалуы қамтамасыз етіледі. Сот құқық жүйесін дамыту сабақтастық және кезеңділік негізінде жүзеге асырылады.

Алдымен сот жүйесінің жетілдіру нәтижесінде түрлі сот инстанциялары функцияларының қосарлануы жойылуға тиіс. Сот жүйесінің даму перспективасы сотқа дейінгі іс жүргізудегі сот бақылауының шегін кезең-кезеңімен кеңейту мүмкіндігімен де байланысты болмақ.

Жоғарыда айтылған негіздерді және арнайы Қазақстан Республикасының заңнамаларындағы талаптарды басшылыққа ала отырып ұсыныстарымды негіздеуге келер болсам. Қоғам сот билігінің қызметін толық, шынайы және бейтарап жария етілуіне мүдделі. Осы мақсатта халықтың сот қызметі туралы ақпаратқа барынша қол жеткізуін ұсыну арқылы сот жүйесінің ашықтығы мен айқындылығы деңгейін арттыру қажет. Сот ақпараттарын тіркеудің заманға сай құралдарын енгізу сот ісінде бәсекелестік принципін іске асыруға ықпал етеді. Сот жүйесін жоспарлы түрде ақпараттандыру сот төрелігін іске асыру үдерісінде жедел ақпараттық-құқықтық қолдауды қамтамасыз етуге, істерді қарау мерзімдерін қысқартуға, сот шешімінің орындалу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сот кадрларын іріктеу тәртібін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар қажет, бұл ретте судьялардың кәсібилігі мен биік адамгершілік қасиеттері – сапалы судьялар корпусын қалыптастырудың негізі болып табылатындықтан, судьяға үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын қатаңдату мәселесі өзекті болып табылады. Сот қауымдастығының өз тарапынан да судьялардың Судья әдебі кодексінің талаптарын сақтауына қатаң бақылау, жол берілген барлық жөнсіздіктерге барабар әрі шұғыл әрекет етуі қажет. Жоғарғы сот алқалары төрағалары мен судьялары, жергілікті соттар төрағалары бос лауазым орындарына кандидаттарды ұсыну, сондай-ақ республика судьялары өкілдіктерін тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізу тек қана Жоғарғы сот төрағасы құзыретіне жатқызылды. Сот корпусының сапалы құрамын жақсарту үшін судья лауазымына кандидаттарға қойылатын жаңа қосымша талаптар – біліктілік емтиханын табысты тапсырған тұлғалардың міндетті түрде тағылымдамадан өтуі белгіленді. Судьяларға қойылатын талаптар қатайды. Заңда тәртіптік-біліктілік алқаларының өкілдігі едәуір кеңейтілді, енді олар тек тәртіптік істерді ғана емес, судьяға қойылатын талаптарды орындамаған жағдайда, соның ішінде судья этикасы нормаларын бұзғаны үшін, судьялардың өкілдіктерін тоқтату мәселесін де қарайтын болды.

Сот өндірісін бір ізге салу үшін заңда республика соттарындағы шаруашылық және азаматтық алқалардың біріктірілгені бекітілді, Жоғарғы сот жанындағы әскери алқа таратылды. Судьялардың тәуелсіздік кепілдіктері күшейтілді. Мәселен, егер бұрын сот органдары мен Әділет министрлігі органдарының судьяларға қатысты тәртіптік істерді қозғау құқығы болса, енді жаңа редакцияда бұл құқық тек республика судьяларына қатысты – Жоғарғы сот төрағасына, аталған облыстың судьяларына қатысты – облыстық сот төрағасына ғана тиесілі болды.

Судьялар лауазымдарына тағайындау рәсімдерінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге – аудандық және облыстық соттар судьяларының лауазымдарына конкурстық негізде тиісінше Әділет біліктілік алқасы мен Жоғарғы сот кеңесінің кандидаттар іріктеуін жүзеге асыруды көздейтін нормаларға бағытталды.

Конституциялық заңмен Әділет біліктілік алқасының төрағасын Республика Президентінің тағайындауы регламенттелді, мұның өзі аталған органның дербестік институтын оңынан дамытуға жәрдемдесетін болды.

Осы орайда Мемлекет басшысы 2012 жылдың 17 ақпанында «Қазақстан Республикасындағы Жоғарғы сот кеңесі» туралы Қазақстан Республикасының заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы заңға қол қойды. Бұл заң Жоғарғы сот кеңесінің рөлін көтеруге және соттардың тәуелсіздігінің кепілдіктерін нығайтуға бағытталған. Елбасы Жолдауда соттар сот төрелігін тек заң мен ар-ожданмен басшылыққа ала отырып шығару тиіс деп қадап айтты. Құқық қорғау саласындағы жүргізіліп жатқан кешенді өзгерістер соттар жасағын қалыптастыру тәртібін түбегейлі өзгертіп, жаңғыртқан күнде ғана өзін өзі ақтаған іс боп шықпақшы. Сонымен қатар апелляциялық инстанциялардың істерді қайта қарауға төменгі соттарға қайтару жөніндегі негізсіз шешімдерінің мүмкіндігін заң жүзінде шектеу мүмкіндіктерінің қажеттігі де баса айтылды. Жоғарғы соттан бастап, бүкіл сот жүйесіне өздерінің жауапкершілігі мен біліктілігін арттыруды, сөйтіп, өз жұмысын жетілдіруді өздері бастау талабы қойылды.

Сот билігін дамытудың аса маңызды бағыты судьялардың тәуелсіздігін нығайту болып табылады. Сондықтан соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды Әділет органдарынан ажырату, сот биліктерінің тәуелсіздігіне қол жеткізу бірқатар конституциялық принциптерді одан әрі жүзеге асыруды талап етеді. Сот билігінің мемлекеттің атқарушы билік

тармағына тәуелді болған жерінде шынайы әділеттіктің болуы мүмкін емес. Қылмыстық істі апелляциялық тәртіппен қарауды судья жеке-дара жүзеге асырады. Кассациялық сатыда кассациялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарауды кемінде үш судья құрамындағы алқа жүзеге асырады. Істі қадағалау тәртібімен қарауды құрамында кемінде үш судья болатын сот жүзеге асырады. Істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қараған кезде соттың құрамы осы баптың қағидаларына сәйкес айқындалады. Үкімді орындау кезінде туындайтын мәселелерді және есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қарауды тиісті соттың судьясы жеке-дара жүзеге асырады.

Сот билігін саясаттан толық ажырату, оның идеологиялық догмадан аршып алу – құқықтық мемлекет құрудың негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Тағы бір ерекше тоқталатын мәселе ол – судья тәуелсіздігі мен сот билігінің тәуелсіздігі ұғымдарының бірі-бірінен айырмашылығының барында. Бұл ұғымдардың өзіндік түсініктемесі мен маңызы да бар. Аталған ұғымдардың бір-бірінен айырмашылығы мен ерекшеліктерін ашу үшін түсініктемелер беруге тырысайық:

1. Судья тәуелсіздігі – бұл сот билігін заңда белгіленген негіздер мен тәртіпте жүзеге асыратын, арнайы кепілдіктер арқылы белгілі дәрежедегі дербестікке ие бола отырып, сот әділдігін заңдылық жолмен қалыптастыруға тиісті судьяға берілген мемлекеттік заңдық-құқықтық мүмкіндік.

2. Сот билігінің тәуелсіздігі ретінде белгілі биліктің саласына қатысты функционалдық міндеттерді шешуде, биліктің өзге салаларының араласуынсыз, тәуелсіздігі заңмен қорғалуы міндеттелген, мәртебесі жағынан өзге билік салаларымен тең дәрежедегі биліктің дербестігі танылады. Аталған ұғымдарға түсінік бере отырып, сот билігі тәуелсіздігінің ұғымы судья тәуелсіздігінің түсінігіне қарағанда, кең екендігін айту керек. Егер сот билігіне мемлекеттік деңгейде тәуелсіздік берілсе, онда судья тәуелсіздігі туралы сөз қозғау мүмкін емес. Жалпы, судья өз тәуелсіздігін сот билігіне берілген тәуелсіздік шеңберінде жүзеге асырады. Бір жағынан алғанда, судья сот билігіне берілген абстрактылы сипаттағы тәуелсіздіктің қоғамдық қатынастардағы нақты бейнесін қалыптастыратын субъект ретінде сипатталады. Жоғарыда аталған судьялар тәуелсіздігін басқа билік өкілдері мен басқа да лауазымды адамдарға қатысты қорғау сипатын көрсеттік. Ал, судьяның судьяға тәуелділігі ащы да болса шындық екендігі белгілі. Қазақстан Республикасының алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі – құқықтық мемлекет құру. Құқықтық мемлекет құрудың негізгі проблемасы – ол халықтың барлық құрамын құқықтық білімге жеткілікті дәрежеде сауаттандыру. Сонымен бірге, құқықтық антогонизмді, сана-сезімді қалыптастыруда көп күш судьяға түседі. Жоғарыда айтқандай, құқықтық мемлекет белгілеріне азаматтардың сотқа жүгінуі жататынын ескерсек, онда азаматтар сотқа сенушілік сезімі мен сенімін де, немесе керісінше нигилистік ойды қалыптастыратын да судья екендігін айту керек. Ал мұндай жағдайда судья тәуелсіздігі басты рол атқарады. Сот билігі мен судьялар тәуелсіздігі Қазақстан Республикасындағы ғана проблема емес. Оған Будапеште өткен «Жоғарғы инстанция соттары: сот тәуелсіздігі мәселелері» деген тақырыптағы халықаралық конференция мысал бола алады. Бұл жиынға Қазақстан Республикасынан да өкілдер қатысты. Сот билігінің мәселелері бұрында қазақстандық ғылыми зерттеушілік те және танымдық та қызметімізде қалыптасқан дәстүрлі мәселе болған жоқ, себебі тіпті заң ғылымында, мысалы, кеңес кезеңінде сот билігі ұғымының өзін сот қызметін ұйымдастыруды саяси-құқықтық жағынан ғана қамтамасыз ететін сот органдарының жүйесі ретінде қарастырды.

Белгілі қазақстандық заңгер-ғалым, профессор С. Н. Сәбікенов өзінің «Салыстырмалы мемлекеттік құқық» деген еңбегінде «Сот билігі заң шығару және атқару билігінен ерекше тұрады. Сот қоғамдағы шиеленістерді қарап, шешеді. Бұл оның басқа билік тармақтарына қарағанда басты мақсаты болып табылады. Ол істі заңға сәйкес және істі қарау барысында судьяның жүрегінде ұялаған ішкі сеніміне лайық шешеді. Алайда бұл сенім судьяның өмір тәжірибесіне де байланысты болады» деп көрсете келе, мемлекеттік билік тармақтарының ішінде сот билігінің орны мен маңызына ерекше көңіл бөлген. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, сот билігі ұғымын қарастыра отырып, мына бір жайды ой сарасынан өткізіп, тиянақтай кеткен жөн болар: сот билігі халық билігін жүзеге асырудың аса маңызды буындарының бірі ретінде әрекет етеді, өйткені ол елдің халық билігін жүзеге асыруға қатынасатын азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді, бұл мемлекет үшін де, қоғам үшін де, азаматтар үшін де аса құнды.

Қазақстан Республикасының заңдарындағы негізгі жариялылық қағидасына сәйкес, ендігі жағдайда соттардың заңды бұзуы ашық түрде баршаға жариялану керектігі де Жолдау мазмұнынан орын тапты. Арбитражды және аралық соттардың жүйесін бекіту, кейбір дау-шараларды қоғамдық институттарды араластыра отырып шешудің басты бағыттары екендігін көрсетеді. Сот жүйесін жетілдіруде сот отырысын дыбыс-бейне жазбаға жазуды қамтамасыз ету, себебі сот отырысын бейнежазбаға жазуды заман талабы қажет етеді. Ең алдымен сот отырысын жазудың жаңа жүйесі дәстүрлі қол хаттамасынан қарағанда үлкен артықшылықтарға ие деп айтуға болады. Себебі ол сот хаттамасының анық және толық жазылуын ғана емес, сот өндірісінің басты принциптерінің бірі – сот процесінің жариялылығын және оның ашықтығын қамтамасыз етеді. Тек бейнежазба ғана сот залындағы барлық оқиғаларды, сонымен қоса сот отырысының әр кезеңіндегі тараптардың іс-әрекеттерін толық мәнінде бейнелеуге қабілетті. Сот отырысын бейнежазбаға жазудың тәртіптік мәні де зор, себебі сот отырысына қатысушылар өздерінің қимыл, іс-әрекеттеріне мән беріп, ұстамдырақ келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – А., 2012.
- 2 «Салыстырмалы мемлекеттік құқық». проф.С.Н.Сәбікенов. – А, 2007.
- 3 2012 жылдың 17 ақпанында «Қазақстан Республикасындағы Жоғарғы сот кеңесі» туралы Қазақстан Республикасының заңына толықтырулар мен өзгерістермен.
- 4 «Алқабилер туралы» ҚР Заңы. – Алматы, 2012.
- 5 ҚР «Қылмыстық іс жүргізу Кодексі». – Алматы, 2012.
- 6 Проблемы уголовно-процессуального права. – Караганда 2004.
- 7 Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан (общая часть): Учебник. – Алматы: Баспа, 1998. – 432 с.
- 8 Защита прав потерпевшего в уголовном процессе (Сравнительное исследование). Отв. ред. А.М.Ларин. – М.: Наука, 1993. – 245 с.